



Газет 1948 жылдың 20 сәуірінен шыға бастады



ҚАЗАҚ УНИВЕРСИТЕТІ

ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІНІҢ РЕСПУБЛИКАҒА ТАРАЙТЫН ГАЗЕТІ

Б.Т.ЖҰМАҒҰЛОВ,
әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың
ректоры, академик

Бірлігіміз бекіп, жеңісіміз көп болсын!

Қадірлі әріптестер, ұстаздар мен студенттер!!!
Жер ананын құлпырып, гүлге оранған көктем мезгіліндегі мамыр айының бір ерекшелігі мейрамдар легінде болса керек. Қазақстан – шаттықпен шаңырағын шайқалтпай 140-қа жуық ұлт пен ұлыстың ынтымағын бір арнаға тоғыстырып, әлемге «қазақстандық үлгіні» паш етіп отырған мемлекет. Бұл халықаралық қауымдастықта, оның ішінде Біріккен Ұлттар Ұйымы ғана емес, келер жылы өзі төрағалық ететін ЕҚЫҰ-да да бірлігі жарасқан беделді мемлекет екенін дәлелдеп келеді.

Осыған сәйкес, Қазақстан ЖОО арасындағы көшбасшысы әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде де сан түрлі ұлт өкілдері өз білімдерін жетілдіруде. Бұл біз үшін зор мақтаныш. “Жеті жұрттың тілін біл, жеті түрлі ілім біл” деген бекер айтылмаса керек-ті. Бұл 1-мамыр Қазақстан халқының бірлігі күні қарашанырақта ынтымағы жарасқан студенттердің көңіл-күйлерінен де айқын аңғарылады.

Сондай-ақ, халқымыз үшін 9-мамыр – Ұлы жеңіс мерекесі де ұлық салтанат. Нәубет жылдары ел болашағының еркіндігін аңсаған ата-әжелеріміз қан майданда от кешті. Оның ішінде, біздің қасиетті қарашанырақтан 287 оқытушы мен студент қаламын қаруға алмастырып, Отан алдындағы борышын өтеу үшін майданға аттанды. Сол асыл ерлердің ерлігі бүгінгі ұрпақтар сабақтастығын берік ұстанған елімізде жарқын белгі ретінде аталып өтеді. Өйткені, тәрбиелік тұрғыда мәні зор мұндай ықылас жастарымыздың еркіндік пен бірлікте бекем болып, ынтымақта ырысы тасып, өрлік жолында қайтпас қайсар қоғам мүшесі болып шығуын қамтамасыз етпек. Мемлекет үшін де қажеті осы. Бірлігіміз баянды, ерлігіміз еңселі болған тұста, ҚазҰУ-да білім алып жатқан студенттерді, аянбай еңбек өтілін атқарып жүрген қызметкерлер мен ұлағатты ұстаздарды осынау айтулы мерекелерімен шын жүректен құттықтаймын!



Бейбіт өмір – ардагерден аманат



Бүгінгі бейбітшіліктің куәсі – қарт ардагерлердің саны азайғанымен оларға деген ерекше құрмет азаймақ емес. Бұл игіліктің бірден- бір куәсі ретінде 6 мамырда әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде Жеңіс Күніне орай ұйымдастырылған салтанатты шараны атауға болады.

Отан үшін отқа түскен азаматтарға арнайы бағытталған ілтипат шарасы қарашанырақта дәстүрге айналған. Олай болуы орынды да. Себебі сұрапыл кезеңде Ұлы Отан соғысына ҚазМУ-дың 287 оқытушысы мен студенті майданға аттанып, Отан үшін отқа оранды, қызыл өртке шалынды. Атамекені үшін қасықтай қанын аямады. Өң түгілі түсінде көрсен бойына қорқыныш ұялатып, өмірден үмітінді үзетін майдан зұлматында ерлік көрсетіп бүгінгі ұрпаққа үлгі, ұмытылмас өнеге болды.

Ал мұндай азаматтық қайратты кейінгі толқынға мирас ету үлкен парыз. Ендеше жақсының жақсылығын

айтып, нұрын тасытуды еліміздің үздік университеті ұмыт қалдырмақ емес. Осы кезекте мамыражай мамырға сән қосқан Жеңіс мерекесі қарсаңында ҚазҰУ Ұлы Отан соғысының ардагерлері, еңбек майданының ардагерлері, интерноционалист-жауынгерлер, Чернобыль АЭС-ында апатты залалсыздандыруға қатысқан азаматтардың басын қосып шексіз ерліктеріне алғыс айтты.

Атар болсақ бүгінгі бейбітшілік таңында еліміздің үздік университетінде 118 соғыс және еңбек ардагері, ауған соғысына қатысушылар еңбек етеді. Жылдағы дәстүр бойынша бұл жолы да мерекелік тартуға бұл ардагерлеріміз

арнайы шақырылып, университет тарапынан гүл шоқтары табыс етілді.

Жеңіс күнін атау барысында алдыменен өткен күнге тағзым ету, бабалар ерліктеріне алғыс айту маңызды болмақ. Бұл салтанатты шара да солай жүзеге асты. Жеңіс туының 64-ші көктеміне жиналғандар үнсіздік минутын жариялап, Отан үшін жан төсілім еткен ұрпақтарын еске алды.

Әрі қарай бұл жиын Ө.А.Жолдасбеков атындағы Студенттер сарайының алдындағы мерекелік концертпен жалғасты. Мұнда әскери-потриоттық өндер орындалып, майдандағы сарбаздың сағынышқа тұнып, жеңіске үміт артқан хаты оқылды. Жауынгерге үміт сыйлаған «Жібек орамал», «Катюша» сияқты майдан өндері шырқалды. М.Түсіпбаева тәрізді елімізге танымал өнер жұлдыздары ардагерлер ерлігіне тағзым етіп, әскери үрмелі оркестрдің орындауында мерекелік өуендер шырқалды.

(Жалғасы 2-бетте)

санда:
БҮГІНГІ

Казакский национальный университет им. Аль-Фараби объявляет конкурс на замещение вакантных должностей профессорского-преподавательского состава:

6-7-бет



Сандар
сыр
шертеді

4-беттер



МИСС
СТУДЕНЧЕСТВО
КазНУ

8-бет





■ Күрмет



БЕЙБІТ ӨМІР – ардагерден аманат

(Басы 1-бетте)

Арнайы келген ардагерлеріміз бейбіт күнге тәубә келтіріп, жеңіс қуанышының құшағына оранғаны соншалық “Бақыт” би тобының бишілерімен алаңға көтеріліп, шыр айнала би биледі. Көрермендер де қоштады, ақсақалдың бозбала шағын, әжелердің бойжеткен кезенін еске алып балаша қуануға әбден негіз бар, себебі бұл күн бұрынғы күннен өзгереді. Бұл күн Ұлы Жеңіс туының көтерілген күні.

Салтанатты шарада ҚазҰУ ректоры Б.Т.Жұмағұлов ардагерлерді Жеңіс күнімен құттықтап, жылы лебізін жеткізді. Университет басшысы: “Бұл соғыс 50 адамның өмірін қиды. Қарашанырақтың өзінен 287 азамат соғысқа қатысып, ерлік көрсетті. Бұл Ұлы Жеңістің келуі оңай болған жоқ. Қан төгілді, жан тапсырылды. Бүгін біздің арамызда сол зұлматты көзімен көрген ардагерлеріміз отыр. Біз кейінгі ұрпақ сіздердің ерең ерліктеріңізді ешқашан естен шығармаймыз. Ешкім де, ештеңе де ұмытылмайды. Ұлы Жеңіс үшін қан төгіп, қару ұстаған азаматтар ерлігі ҚазҰУ жүрегіңде мәңгі сақталады. Мерекелеріңіз құтты

барысында ҚазҰУ-дың Ұлы Отан соғысы ардагерлері кенесінің атынан У.К.Шалекенов, ауған-ардагерлері атынан Т.Х.Ғабитов, ҚазҰУ ардагер-әйелдер кенесінің атынан Р.К.Өтекешова сөз алып тәуелсіз елдің ұрпақтарына баянды ғұмыр тіледі. Ұлы Жеңіс күнінде ұландарының аға ерліктерін ұлықтап отыратындығына алғыстарын жеткізді. Сонымен қатар өткен күнге лағнет айтып, кешегі қара түнек жылдардың қайтып келмеуін тіледі. Мерекелік шарадан кейін салтанатты шара қонақтары сарай алдына тігілген әскери шатырға адымдап, әскер боткасы сияқты тағамдармен әрленген мерекелік



болсын!” деп тілегін тебірене жеткізді. Университет студенттерін тәуелсіздіктің іргетасын мығым етуге шақырды. Мерекелік шара

дастарханнан ауыз тиді. Мереке барысында ардагерлеріміз дастархандас болып, өзара еркін пікір алмасты.

Шара соңында әскери-патриоттық әндер мен ерлік күштерден сыр тартып, Ұлы жеңіс күнін мерекелей келген әр көрерменнің көз жанарында ерлікпен келген Ұлы күнді болашаққа кіршіксіз жеткізіп, ұрпаққа жалғастыру жауапкершілігі тұнғанын байқадық.

P.S.

Саягүл ӘЛІМБЕКОВА

■ Конференция

15-17 мая 2009г. в санатории «Алматы» состоялась международная научно-практическая конференция «Соотношение права иностранных инвестиций с экологическим правом».

Экологическое право в эпоху глобализации

Конференция проводилась в рамках финансируемого фондом «Фольксваген» проекта «Право инвестиций в Азербайджане, Казахстане, России: баланс интересов».

Организаторами конференции были КазНУ им. аль-Фараби (Казахстан), Кильский университет им. Христиана Альбрехта (Германия), Академия государственного управления при президенте Азербайджанской Республики (Азербайджан), Институт государства и права Российской академии наук (Россия).

В рамках обсуждения актуальных вопросов заключения, содержания и формы трансграничных инвестиционных договоров были предоставлены доклады по следующим темам: Соотношение права иностранных инвестиций с экологическим правом в эпоху глобализации, Применение национальных и международных норм экологического права при рассмотрении инвестиционных споров, Право на чистую окружающую среду в контексте соглашений о защите и поощрении инвестиций, Экологическое право как инструмент осуществления «ползучей экспроприации», компенсируемые и некомпенсируемые изъятия, осуществляемые в рамках деятельности, Критерии «справедливого и равного обращения» в международном инвестиционном праве в его применении к экологическому праву, Экологическая экспертиза инвестиционных проектов на примере МИГА (MIGA), ЕБРР (EBRD) и других организаций, Ответственность иностранной материнской компании за вред, причиненный окружающей среде дочерней компании, Юридические последствия признания административных актов недействительными или от их отмены для иностранных договоров, Частноправовые возможности защиты интересов против инвестиционных проектов, одобренных государством.

В роли докладчиков на конференции выступили ведущие ученые: проф. А. Трунк (Институт права стран Восточной Европы Кильского университета, Германия), проф. М. Хофманн (Университет Гиссена, Германия), Н. Бернаскони-Остервальде (IISD, Женева), проф. Б. Брайг (Свободный Университет Берлина), С. Напперт, Арбитр, Грэйс Инн Лондон; проф. М. Гайстлингер (Зальцбургский университет), проф. Д.К. Лабин (МГИМО, Россия), академик, проф., д.ю.н. М.К. Сулейменов (Алматы), проф. Д.Л. Байдельдинов (Алматы).

Благодаря данной конференции был проведен обзор вопросов соотношения инвестиционного и экологического права, правового регулирования иностранных инвестиций в Казахстане (международные договоры и внутригосударственное регулирование), а также был организован обмен мнениями между специалистами и практиками по актуальным вопросам права иностранных инвестиций и экологического права.

■ Көкейтесті

Биоалуантүрлілік – табиғат пен қоғам үйлесімділігі

2009 жылдың 12-13 мамыр күндері Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың «Қазақстан – 2030» стратегиясын жүзеге асыру мақсатында ҚазҰУ мен биология факультетінің 75 жылдық мерейтойына арналған «Биоалуантүрлілік және табиғат пен қоғамның тұрақты дамуы» атты ғылыми-тәжірибелік конференция өтті.

Конференцияда жақын және алыс шетелден (АҚШ, Франция, Үндістан, Египет, Ресей, Өзбекстан, Қырғызстан, Украина, Дағыстан, Литва, Башқұрстан және т.б.) 200-ден астам ғалымдар қатысты.

21-ғасыр техника мен ғылымның қарыштап дамыған ғасыры. Сондықтан да бүгінгі таңда қоршаған ортаға кері әсерін тигізіп отырған факторлар шаш етектен. Бұл өз кезегінде биологиялық әртүрлілікке нұқсан келтіріп отыр. Сондықтан әр мемлекет үшін экономикалық даму барысында экологиялық мәселелердің назардан тыс қалмауы өзекті.

Сондықтан жуырда өткен жиынның негізінде

түрлі деңгейдегі (табиғи орта мен әлеуметтік жүйелер) әлеуметтік экологиялық жүйелердегі динамикалық теңдікті сақтауды тұрақты дамуы мәселелері қарастырылады.

Конференция қоғамды биологиялық әртүрлілікті қорғау, экология, экономика салаларындағы жүргізілген ғылыми-зерттеу жұмыстарының нәтижелерімен қалың көпшілікті ақпараттандыру, яғни, мемлекеттің тұрақты даму жолындағы саясатына деген сенімді арттыруға бағытталды. Басқосу шеңберінде «Қазақстанның биологиялық әртүрлілігі» атты фотокөрме және университет ғалымдарының ғылыми



жұмыстарының көрмесі, сонымен қатар Қазақстандағы БҰҰ-ның Даму бағдарламасының тұрақты даму, биологиялық әртүрлілік, су ресурстары, тұрғындардың өмір сүру деңгейі

жөнінде есебі көпшілік назарына ұсынылды.

Конференцияның міндеті аталған мақсаттарда биология, химия, математика, география, экономика, әлеуметтану сынды ғылымның түрлі саласындағы ғалымдардың еңбектерін бір арнаға тоғыстыруды көздеген болатын. Адам іс-әрекетінің кері нәтижелері, экологиялық апаттардың экологиялық, экономикалық зардаптары, табиғатқа зиянды әсерлердің алдын алуда ғалымдар мен қоғам қолға алған шаралар жайында көпшілікті ақпараттандыруды жолға қоюда аталған жиынның маңызы зор болды. Бұған қоса ҚазҰУ сынды алдыңғы қатарлы жоғары оқу орнында студенттер мен жас ғалымдарды тұрақты даму мәселелерін зерттеуге баулу және оларға экологиялық білім беру шараларын ұйымдастыруға конференция өз үлесін қосты деп білеміз.

Өз тілшімізден



Қабілеттілік

Үздік студентке үлкен құрмет

Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінде үздік студенттерге деген құрметтің орны ерек. Осы орайда аталған қарашаңырақта 29 сәуірде Үздік студенттердің слеті өтті. Слет университет басшылығының оқуда және мәдени шарада озат жастарды марапаттауына арналды.

Бәсекеге қабілеттілікті арттыру үшін білікті маман қажет екендігі айдан анық. Ал білікті маман үздік студенттен құралмақ. Үздік студент тек оқуда ғана емес, сонымен қатар қоғамдық-мәдени іс-шараларда да белсенді болуымен өз қатарындағы білімгерлерден оқ бойы озық тұрмақ. XXI ғасырдың талабы да осындай даралықтармен ерекшеленетін кадрларға екпін қоятындығы да анық. Біздің ғасыр жанашылдық пен белсенділікті, терең білім мен қабілеттілікті талап етеді. Ал аталмыш игі шаралар жоғары оқу орындарындағы жастардан шықпақ. «Жас келсе іске», «Жастар жаңашылдықтың бастауы» деген ұғымдар да осындай пайда болса керек.

Ендеше атаулы игі қасиеттер бойынша табылатын үздік студенттердің еңбегін бағалау студент белсенділігін арттырып, ынталандыра түспек. Бір сөзбен айтқанда, жастарға Мағжанша сене біліп, ғасыр сұранысына қалыптасып келе жатқан студенттерді замандастарына паш ете білген абзал. Ол дегеніміз Кеңес Одағы кезеңінде көрініс тапқан Үздік студенттер слетінің ғұмырын жалғастыру болып табылады. Және мұндай игі шара дәстүрге айналып, еліміздің барлық жоғары оқу орындарында жүзеге асуын қолға алған пайдалы болары сөзсіз. Себебі, адам адаммен тек білім, ғылым арқылы ғана озбақ емес пе?

Бұл орайда игі істердің баста-

масы, еліміздегі үздік оқу ордасы ҚазҰУ Үздік студенттердің слетін араға ширек ғасыр қалдырып қайта жалғады. Республикамыздағы Алма матер білім ордасының бұл жаңалығы өзге әріптестеріне де үлгі болар деген үміт те бар. Атаулы шара ҚазҰУ-да соңғы рет 1984 жылы көрініс тапқан екен. Содан араға ширек ғасыр қалдырып бүгінгі күні қайта жанданып отыр. Игі шарада әрқашан жастардың оң бастамаларына қолдау танытып, студенттердің талғамды сұраныстарын орынды бағалай білетін ҚазҰУ ректоры, академик Жұмағұлов Бакытжан Тұрсынұлы үздік студенттерді құттықтап: “Үздік оқу – онай шаруа емес, десек те біздің шанырақтың студенттері әрдайым көшбасшылыққа ұмтылатындығы мені қуантады. Бүгін біз алдыңғы буын ағалардың жақсы дәстүрін жаңадандырып отырмыз. Бастама келер уақытта жалғасын табады деген ойдамын. ҚазҰУ әрқашан түлектерімен мақтанады. Осы орайда бүгінгі қуанышымызды бөлісе келген кешегі түлектерімізге, соның ішінде, кезіндегі кировтік, сталиндік және лениндік шәкіртакы иегерлеріне алғыс айтқым келеді” деп жалғады. Одан кейін шығыстану факультетінің 4-курс студенті Неверная Галинаны оқудағы үздік жетістіктері үшін құрмет грамотасы және бағалы сыйлықпен марапаттады. Ректордан кейін сахнаға университеттің мақтанышына айналған химия факультетінің кешегі түлегі, 1970-ші оқу жылының В.И.Ленин атындағы стипендия иегері, Қазақстан Республикасының бірінші Сыртқы



істер министрі, тарих ғылымдарының докторы Арыстанбекова Акмарал Хайдарқызы туған білім ордасына арнайы ат басын бұрып, кешегі игі дәстүрдің жанданғанына ризашылығын білдіріп, студенттерге жылы лебізін жеткізді. Түлектеріміз өз оқу ордасына осылайша жақсы баға беріп жатқанда, оқуда озат 13 студентке ҚазҰУ-дың Оқу жұмысы жөніндегі проректоры Орынханов Мұрат Қалесұлы магистратураға жолдама тапсырды. Жолдама ҚазҰУ-дың Ә.М.Сабырғалиева, М.А.Копытина, М.М.Ошакбаева, Г.Ж.Жанабекова, Г.М.Неверная, Б.Б.Ешметова, М.Б.Абдрахманова, А.М.Асанханова, Н.Р.Бердалы,

А.Д.Жүндібаева, Л.А. Ахметова, Е.С.Калачёва және Н.Е.Гнеденко сынды студенттерге берілді.

Сонымен қатар еліміздің үздік оқу ордасының студенттері біліммен қатар мәдени-көпшілік іс-шараларда да белсенді екендігін ескеріп, Тіл және тәрбие жұмысы жөніндегі проректор Джаманбалаева Шолпан Ерболқызы университеттің мәдени-көпшілік іс-шараларына белсенді қатысқаны үшін студенттер: С.К.Әлімбаева, Д.Т.Сәдуақасова, Н.А.Құрмановты Құрмет грамотасымен марапаттады. Ал “Үздік-көшбасшы” номинациясы бойынша Құрмет грамотасымен студенттік өзін-өзі

басқару көшбасшылары – Ф.Ө.Серім, А.Н.Мұнайтпасова, А.С.Даулетова, А.Зейділда марапатталса, «Үздік-зерттеуші» номинациясы бойынша Құрмет грамотасына ғылыми-зерттеу жұмыстарына белсенді қатысқаны үшін Ә.М.Сабырғалиева, Н.И.Байғараев, Е.В.Журавлева лайық деп танылды. Ал «Үздік-спортшы» номинациясы бойынша Құрмет грамотасымен спорттағы жетістіктері үшін Е.А.Мурадова, С.Турысбеков марапатталды.

Сондай-ақ осы күні Ресейлік «Janus» компаниясының өкілі Светлана Исаева сахнаға шығып, ҚазҰУ-дың 4-курс студенті А.Жумахановаға жұмысқа шақырту құжатын ұсынды. Содан кейін сахнаға көтерілген «Казкоммерцбанк» АҚ-ның өкілі Г.Құлсариева 4-курс студенті Ж.Бимендеевке жұмысқа шақыру ұсынысын тапсырса, «Финансовая группа «Амулет» ЖШС-нің өкілі Д.Архипов 4-курс студенті А.Кошелеваны серіктестікке қызметке шақырды. Бұл салтанатты рәсім болашақ түлектерге қуаныш сезімін ұялатып, келешекке деген сенім тудырды. Бұл жағдай әрине өлемдік дағдарыс кезеңінде еліміздегі үздік университеттің өз білімгерлеріне деген ерекше қолдауы болып табылады. Бұл құрметтен кейін кез келген ізденушінің үздік студент атанып, бөйгеге шабуына қамшы болатындығы сөзсіз.

Үздік студенттер өздеріне көрсетілген құрметтен кейін замандастарына үндеу жолдады. Әр салтанатты рәсімнен соң университеттіміздің өнерпаз жастары ән шырқап, би биледі, үздік студенттерге құрмет жасады. Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің 75 жылдық мерейтойы қарсаңында өткізіліп отырған “Үздік студенттер слеті” “Атамекен” өнімен қорытындыланып, ҚазҰУ ректорының қатысушыларға гүл шоғын ұсынумен аяқталды.

Саягұл ҚАБЫЛБЕКҚЫЗЫ

Бәсеке

Тәржімандар сайысы

2009 жылы сәуірдің 29-шы жұлдызында әдеби шығармашылық және көркем аударма теориясы кафедрасының “ТӘРЖІМАН-TARZHIMAN” клубының ұйымдастыруымен Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ –дың 75-жылдығына арналған жас аудармашылар сайысы өтті. Сайысқа филология атынан “Тәржіман тобы” және шығыстану факультеті атынан “Шығыс арулары” тобы атсалысты.



Әдеттегідей, таныстыру кезеңінде бірнеше тілде аударманың қоғам өміріндегі маңызы жайлы пікірлерін білдірді, өсіресе филологтардың «тәржіман» сөзінің әр әрпінен жақсы аудармашыға тән қасиеттерді атағаны әсерлі шықты. Жалпы алғанда, екі топ та өз тапқырлығымен, аудармашылық сауаттылығымен көзге түсуі тиіс болды. Берілген сөздерден мнемонивелла жазу сайысында филолог-аудармашылар тұтас бір драмалық қойылым түрінде қойып, оларға шығармашылық қабілеті үшін жоғары баға берілді. Жарнама жасаудан (ҚазҰУ мен Алматы жайлы) өділ қазылар алқасы екі топтың да мүмкіндіктері бірдей болды деп шешті.

Жазбаша мәтінді тез аудару бойынша, “Шығыс арулары” тобының аудармасы жоғары бағаланды. Дегенмен екі топ та қазақша сөйлемдегі сөздер мен сөйлем мүшелерінің орын тәртібін дұрыс сақтау, дәл балама табу маңызын өлі де жетілдіру керектігі ескерілді. Сайыстың соңында екі факультеттің де сұлу да дарынды арулары өз өнерлерін ортаға салды. Абайдың “Көзімнің қарасы” өнін үш тілде тамылжыта айтқан Абдуллаева Ақбөпе ерекше көзге түсті.

Әділ қазылардың бағалауы бойынша, екі топтың да мүмкіндіктері тең түсті. Әдеби шығармашылық және көркем аударма теориясы кафедрасы

және Тілдерді дамыту бөлімі атынан сайысқа қатысушылар марапатталды. Екі факультеттің оқытушылары мен студенттері сайыс жайлы өз ойларын айтып, ұйымдастырушыларға алғыс білдірді. «Тәржіман» клубының ғылыми жетекшісі, филология факультетінің доценті Ләйла Мұсалы сайысты қорытындылап, екі факультет студенттерін ынтымақтастық пен бірлікке шақырды. Әділ шешім мен сайыстың жүргізілу деңгейіне барлық студенттердің көңілдері толып, риза болып қайтты.

Нұржанова ӘЙГЕРІМ,
филология факультетінің
2 курс студенті

Кемел

Тіл мен діл – қазақтың қос қанаты

Ұлттың өресін көтеруде тіл мен діл мәселесінің орны бөлек. Осы орайда ҚазҰУ-да ұлттық тіл мен ділдің ерекшеліктерін паш еткен Аханов тағылымы “Тіл және Діл” атты тақарыпта конференция өтті.

Халықаралық дәрежедегі аталмыш жиынның басты мақсаты бүгінгі таңдағы тіл білімі саласындағы өзекті болып табылатын мәселелерді талқылау мен ұлттық ділді қалыптастыруға үлес қосу. Маңызды тақырыптарға өзек болған бұл жиынға қазақстандық ғалымдармен қатар АҚШ, Германия, Нидерланды, Польша, Ресей, Чехия, Латвия сияқты елдерден баяндамашылар келіп, көкейкесті ойларымен бөлісті. Өз кезегінде сөз алған ҚазҰУ-дың даму және құқықтық мәселелер жөніндегі проректоры Н.М.Байраым қатысушыларға сәттілік тілесе, конференция модераторы филология факультетінің деканы Қ.Әбдезұлы мұндай өзекті тақырыпты арқау ететін жиындардың мольна ұйымдастырылуы игі шара екендігін атады.

“Діл әр тілде болады, тек бұл қасиетті ұғымның құты аудармада қашады” деп ҚазМҚПУ-дың профессоры Бақытжан Хасанұлы бір түйіндеп алғаннан кейін қазақ ұлтының құдыретті тілі мен ділінің артықшылықтарына тоқталды. Мәселен, қазақ халқының “Сөз тапқанға қолқа жоқ”, “Бас кеспек болса да, тіл кеспек жоқ” сияқты қанатты сөздеріне өзге тілде балама жасау мүмкін емес деген орынды қорытынды жасады. Сондай-ақ бұл басқосуда америкалық Robinson John Rivers William, William Fierman және нидерландық Оде Сесилия сияқты тағы да басқа ғалымдардың тіл білімі саласындағы құнды пікірлері тыңдалды. Америкадан келген William Fierman Кеңес Одағы кезеңінен кейінгі қалыптасқан тіл саясаты мен тіл жағдайына қазақ тілінде тоқталып, мәселелердің негізін ой таразысынан өткізді.

Саягұл ҚАБЫЛБЕКҚЫЗЫ



Біздің тарих

САНДАР сыр шертеді



1961 жыл

Профессор, Ғылымға еңбегі сіңген қайраткер А.С.Закарин екінші рет ҚазМУ ректоры болып тағайындалды.

М.О.Әуезов атындағы студенттік әдеби бірлестік құрылды.

15 тамызда гидробиология және ихтиология кафедралары құрылды.

1962 жыл

24 тамыз күні метеорология кафедрасы құрылды.

1 қыркүйекте жоғары математика кафедрасы құрылды.

4 қыркүйек айында орыс филологиясы кафедрасы құрылды.

1963 жыл

Университетте алғашқы студенттік құрылыс отряды ұйымдастырылды.

15 қыркүйекте ғылыми коммунизм кафедрасы құрылды.

Караша. Жоғары молекулалық қосылыстар кафедрасы құрылды.

1965 жыл

Желтоқсан айында Қазак мемлекеттік университетте "Семи муз" клубы ұйымдастырылды.

1 қыркүйекте гистология және цитология кафедрасы құрылды.

1966 жыл

18 сәуір күні құрылық гидрологиясы кафедрасы құрылды.

Желтоқсан. Қатты денелер физикасы кафедрасы құрылды.

1967 жыл

Қыркүйек айында жоғары оқу орындары оқытушыларының біліктілікті көтеру факультеті ұйымдастырылды.

1968 жыл

28 қазанда философия-экономика факультеті ашылды.

1969 жыл

Философия және логика тарихы кафедрасы құрылды.

1970 жыл

12 ақпанда радиохабар және телевизия кафедрасы құрылды.

1 қыркүйек күні салалық экономикалар кафедрасы құрылды.

Академик, техника ғылымдарының докторы, профессор, ҚазССР Мемлекеттік сыйлығының Лауреаты, Ғылымға еңбегі сіңген қайраткер, Қазақстан Республикасы механика мектебінің негізін қалаушы Ө.А.Жолдасбеков ректорлық қызмет атқарды.

Қазак мемлекеттік университетінде С.М.Киров атындағы музей ашылды.

(Жалғасы келесі санда)

Дайындаған музей қызметкері Роза Умаралиева



Почет

Юбилей профессора-ветерана

Доктор исторических наук, профессор кафедры археологии и этнологии КазНУ им.аль-Фараби, Заслуженный деятель науки ККАССР, Заслуженный деятель РК, Почетный заведующий кафедрой университета, награжденный медалью МОН РК «За развитие науки» профессор У.Х.Шалекенов отмечает свой 85-летний юбилей в мае этого года.

Уахит Хамзинович Шалекенов родился в мае 1924 года в Астраханской области в семье крестьянина. С 1944 по 1948 годы, учился в Каракалпакском государственном педагогическом институте ныне Нукусский Государственный университет им. Т.Г.Берзаха. Он работал в качестве лектора областной компартии Каракалпакстана и собирал материалы по истории казахов. Воспитал целую группу студентов-дипломников, ставших впоследствии ядром его последующих научных изысканий.

Завершив учебу в аспирантуре, У.Х.Шалекенов в 1953 г. защищает кандидатскую диссертацию по специальности этнография и на долгие годы связывает свою судьбу с Каракалпакским филиалом АН УзССР. В том же году молодой кандидат наук назначается на должность заведующего сектором археологии и этнологии. Его активное участие в научных и организационных делах не осталось незамечен-

ным руководством Академии наук Узбекистана, и Уахит Хамзинович возглавляет комплексные археолого-этнографические экспедиции на территории Узбекистана. Результатом многолетних его научных исследований стала блестящая защита в мае 1967 года диссертации на соискание ученой степени доктора исторических наук, по монографии «Казахи низовьев Амударьи», в 1972 году ему присваивается ученое звание «профессор».

Но именно в Казахском национальном университете им. аль-Фараби широко развернулся талант У.Х.Шалекенова, как крупнейшего ученого, педагога и организатора. 1973 год стал, как бы поворотным моментом в биографии ученого, ибо с того времени и по сегодняшний день он работает на одной и той же кафедре – кафедре археологии и этнологии. В 1973-1986 гг. был назначен заведующим кафедрой археологии и этнографии. Возглавляемая им кафедра внесла зна-



чительный вклад в дело подготовки кадров и развитие научно-технического прогресса в исторической науке республики. По замыслу Уахита Хамзиновича и при его непосредственном участии для укрепления учебно-научной базы на историческом факультете созданы уникальная учебная база для прохождения производственной практики по археологии на городище Актобе в Шуйском районе, Жамбылской области, открыты Музей древней и средневековой археологии Казахстана, Музей этнографии, лаборатория археологии при историческом факультете, которые и сегодня пользуются популярностью у студентов.

И сейчас, У.Х.Шалекенов участвует в подготовке новых программ и структуре профи-

лирующих дисциплин, создает систему специальных курсов, приближает производственные практики студентов к специализированным учреждениям и предприятиям. Для организации учебного процесса, при непосредственном участии им был организован и открыт научно-исследовательский центр археологии и этнологии, оснащенный компьютерной сетью и аудио-видеотехникой.

А также под его непосредственным руководством в КазНУ им.аль-Фараби претворяются научные проекты на тему «Средневековый Баласагун». Мы, коллеги, работающие долгое время под его началом, относимся к нему с подчеркнутым уважением. Он поддерживает самые теплые отношения с нами. Однако не столько У.Х. Шалекенов при ветлив, общителен, раскован в неформальной обстановке, настолько строг, взыскателен и серьезен на службе. Присоединяясь к многочисленным поздравлениям юбиляру, надеемся, что он и впредь будет вносить солидную лепту в дело развития науки и образования в Казахстане.

Ж.К.ТАЙМАГАМБЕТОВ,
д.и.н., профессор
КазНУ им. аль-Фараби

Өнеге

Бүгінгі таңда мамандардың еңбек нарығында бәсекеге қабілеттілігін қамтамасыз ету өзекті мәселе болып отыр. Осы дiттеген мақсатқа қол жеткізу үшін университетімізде тілдік клубтар жұмыс істейді. Студенттердің тілдік біліктілігін арттыруға ықпал ету үшін өткізілетін тілдік іс-шаралардың формасы да алуан түрлі. Ағылшын, француз, орыс, неміс тілі клубтары түрлі тақырыптарға арналған дөңгелек үстелдер, кездесулер, театрландырылған қойылымдар, пікірталастар және т.б. өткізеді. Осындай іс-шаралардың бірі үстіміздегі жылдың сәуір айының 28-жұлдызында Халықаралық қатынастар факультетінде өткізілді. «Қазақ және Британ отбасыларындағы дәстүрдің ролі» атты мерекелік іс-шара Шет тілдер кафедрасының аға оқытушылары Рахимбаева Роза Мұратқызы және Марина Жамбылқызының жетекшілігімен ұйымдастырылды.

Кешке арнайы қонақ ретінде халықаралық қатынастар факультеті деканының ғылым жөніндегі орынбасары Балаубаева Бинур Мұратқызы, тәрбие жөніндегі орынбасары Ахметалиева Гулшат Уабиденқызы, шет тілдер кафедрасының меңгерушісі, педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент Байтукаева Алтынай Шайкенқызы, шет тілдер кафедрасының доценті Макишева Марияш Қайдауыпқызы, шет тілдер кафедрасының аға оқытушылары: Г.Ә.Карипбаева, М.М.Бузуртанова, Р.Е.Сарбаева, Л.А. Дүйсеєва, М.Т. Джамалдинова, Қ.М.Есенамановалар қатысты.

Керініс мазмұны өзінің тартымдылығымен көрермендердің көңілінен шықты. Кеш барысында шетелге оқуға барған қазақ жігітінің (Азамат Айтбаев,



Өзіндікін құрметте, өзгенікін таны

халықаралық қатынастар мамандығының 2-курс студенті) британ қызына (Гаухар Мұсатаева, аймақтану мамандығының 2-курс студенті) ғашық болып, некеге тұруы, екі елде той өткізу ерекшеліктері бейнеленіп, қазақтың беташары шырқалып, екі елдің ұлттық мерекелері көрсетілді. Британиядағы Merry Christmas мерекесі мен оған сәйкесінше қазақтың төл мерекесі, күн мен түннің теңелген күні, қазақтың жаңа жылы Наурыз мерекесі тойланды. Бұл көріністе ұлттық ойындар ойналып, ән шырқалды, екі ұлттық тағамдары даярланды.

Елімізге тыныштық дарытып, аузымызды асқа жарытып, даңқымызды даламыздан асырып, бақ дәулетімізді, бірлігімізді тасытқан Қыдыр бабадан мынау Ұлыстың ұлы күні ертеңгі ерен еліміз үшін, кең байтақ қазақ жеріміз үшін, жас жүректері екі жас үшін, осынау тойды өткеріп жатқан барлық бас үшін деп бата берілді.

Жалпы бұл кешті ұйымдастырудың мақсаты қазіргі жаһандану кезінде қазақ

жастарының жалпы барлық қазақстандықтардың өз мәдениетін, өз дәстүрлерін ұмытпау, батыс дәстүріне қарап, өз дәстүрлерінің ерекше екенін ұғыну, құрметтеу болып табылады. Кешке қатысқан ұстаздар мен көрермендерге екі елдің дәстүрлері бойынша викториналық сұрақтар қойылып, көрермендер де белсене қатысты. Кеш соңында ұстаздар өз алғыстарын айтып, кеш көңілдерінен шықты. Себебі қазіргідей күллі әлем экономикалық әрі саяси дағдарыстан зардап шегіп жатқан кезде мәдениетімізді насихаттау – ұлтты сақтап қалудың жолы. Әр тәуелсіз мемлекет, асылы, айқын мәдени және рухани-адамгершілік бағдарынсыз ойдағыдай дамымайды. Өткеннің барлығы із-түзсіз жоғалып кетпейді. Қазіргі заманда жаһандану үдерісі ықпалынан оқшау қалу мүмкін емес. Өзіндік ұлттық болмыс пен абыройды, халықтың ұлттық бірегейлігін және қайталанбастығын сақтап қалу қажет.

Тілдерді дамыту бөлімі



■ *Игі іс*

7-8 мамырда әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дің 75 жылдығы мен Экономикалық және әлеуметтік география кафедрасының 60 жылдық мерейтойына арналған «Қазақстанның қазіргі экономикалық, әлеуметтік және саяси географиясы: мәселелері мен болашағы» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция өтті. Халықаралық конференция отырысын салтанатты түрде ҚазҰУ-дің оқу-әдістемелік ісі жөніндегі проректоры п.ғ.д., профессор Гүлнас Ахметова ашты. Проректор экономикалық және әлеуметтік география кафедрасының ғылымдағы, оқу үрдісіндегі 60 жылдық тарихындағы мамандар дайындауда жеткен жетістіктеріне ерекше көңіл бөліп, Қазақстан экономикасы, ғылымы мен өндірісіне қажетті жоғары білімді мамандар дайындауда ғылыми-педагогикалық табыстарға жете беруіне тілек білдірді.

Меже – халықаралық стандарт

